# Саз өнерінің саңлағы




**Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада композитор, Мемлекеттік сыйлық лауреаты, КСРО Халық әртісі Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Ұлттық музыканы ұлықтаған сазгер» атты әдеби-сазды кеш өтті. Оған Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік директорының орынбасары Ғазиз Әжбағамбетов, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, Қазтұтыну одағы Қарағанды университетінің экономика бизнес және құқық колледжінің Құқықтану және бизнес бөлімінің меңгерушісі Заида Өтешева, осы оқу орнының қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы Мақпал Абилдина қатысып, белгілі жерлесіміз жайлы ой-пікірлерін ортаға салды.**




**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғазиз Салиқұлы композитордың шығармалары күрделі екенін атап өтті. Ол композитордың мерейтойына арналған концерт қыркүйек айына жоспарланғанын жеткізді.

- Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» шығармасы Кеңес заманында күнде радиодан берілетін. Оны назар салып тыңдасаңыздар, шығарманың басы, ортасы және соңы бар. Композитор шығарманы студент кезінде жазған және ол Бухаресте «Алтын медаль» алған. Сыдық атамыздың қандай дарын иесі болғанын ойлай беріңіздер. Абайдың өлеңдеріне романстар жазған адам. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік өнерпаздары Сыдық Мұхамеджановтың бірқатар шығармаларын орындап жүр. Біздің өңірде халық композиторлары көп шыққан. Солардан нәр алған деуге болады. Себебі, шығармаларының бәрінде ұлттық музыканың иісі аңқиды, тіпті, операларынан да ұлттық бояуды аңғаруға болады, - деді Ғазиз Әжбағамбетов.

Маман сол уақытта партитура жазудың қандай машақатты жұмыс екеніне де тоқталды.

- Композиторлардың барлығы қарындашпен жазады. Ол соңғы нұсқасына жеткенше қаншама өзгертіледі. Қазір арнайы бағдарламалар бар, саласың, жазып береді. Ал, ол уақытта көз майын тауысатын жұмыс еді.

- Сыдық Мұхамеджановтың өнері әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған, - деді Қайрат Әбілда. - Ол кісі бай, текті жерден шыққан, атасы атақты Оспан қажы. Әкесі де, анасы да музыкант болған. Белгілі тұлғаның 100 жылдығы аясында өз тарапымнан кітап құрастырып жатырмын. Онда майталман музыка мамандары Ілия Жақанов, Кенжеғали Мыржықбаев және басқа да тұлғалардың, Серік Ақсұңқарұлы, Төрехан Майбастың жазғандары, Софы Сматаевтың естеліктері жинақталады. Сіздердің кітапханамен де байланыс орнатып, сіздерде бар деректерді қолдансақ, мерейтойға сый болады деп ойлаймын.

№1 музыка мектебінің «Думан» фольклорлық ансамблі, Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Нұрлытаң Ермек өнерін ортаға салып, кештің сәнін кіргізді.

Жиналғандар Михайловкадағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатына, Қарағанды көшелерінің біріне Сыдық Мұхамеджановтың атын беру жайлы ұсыныстар айтты.

- Сыдық Мұхамеджанов - кәсіби композитор. Опера жазған, домбыраға, қобызға, флейта, скрипкаға арнап жазған концерттері бар. Михайловкадағы музыка мектебі кәсіби мамандарды даярлайды. Сондықтан, сол оқу орнына Сыдық ағамыздың есімін беруге лайық деп ойлаймын, - деді Ғазиз Әжбағамбетов.

Заида Өтешева ұсынысты қолдауға әзір екенін білдірді.

- Композитордың атымен Шет ауданы Киікті станциясында орта мектеп аталады. Мұхамеджан деген кісіні көзіміз көрді. Ел атымен атамай, «Композитор» дейтін. Сыдық Мұхамеджановтың Ақбаян, Ақбота, Жібек есімді қарындастары болатын, бала кезімізде сол үйге барып домбыра үйренетінбіз. Сыдық атамыздың балаларымен де араласып тұрамыз, алдағы уақытта өтетін шараларға шақыруға болады. Сыдық Мұхамеджанов туралы біліп жүрсін деп кешке колледж студенттерін арнайы алып келдік, - деді Заида Советқызы.

Композитордың шығармашылығына зейін қойған жан оның қазақ музыкасындағы көптеген жанрға тұңғыш қалам тартқан композитор екенін аңғарары анық. Ол 4 опера, 4 симфония, симфониялық поэмалар, оратория, концерттер, спектакльдер мен кинофильмдерге музыка жазды.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

Орталық Қазақстан. - 2024. - 25 сәуір (№46). - 8 б.